

Ж.Аймауытовтың көркемдік әлемі ЭК.

1 – лекция. Курсқа кіріспе. 20 ғасыр басындағы қазақ прозасының даму жолдары мен басты мәселелері туралы түсінік.Әдеби процесс пен дымудағы Ж.Аймауытов шығармашылығының орны. Тақырыптың зерттелуі

Тарихи дәуір шындығы.

Проза жанры дамуының заңдылықтары

Ж.Аймауытов шығармашылығының зерттелуі

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихында айрықша орын алатын аса көрнекті қазақ қаламгері Ж.Аймауытовтың шығармашылығымен жан-жақты танысу; қаламгердің ең таңдаулы шығармаларын: мақалалары мен очерктерін, әңгімелері мен повестерін, романдары мен драматургиялық туындыларын, көркем аудармалары мен ғылыми еңбектерімен жете танысу, талдау. өз қалаулары бойынша таңдаған тақырыптарына реферат, мақала жазу. Қазақ прозасының 20 ғасырдағы қол жеткен табыстары сол қиын дәуірде табанды түрде еңбектенген аса талантты қаламгерлерге байланысты. Алайда ол шығармалардың әдеби сында бағалануы, жан-жақты зерттелуі 90 жылдардан бергі жұмыстарға байланысты.

Ж.Аймауытов шығармаларына арналған зерттеу жұмыстары енді – енді басталды деуге болады. Оның шығармашылығының барша табыстары әдебиетіміздің басты көрінісі болып табылатынын ұғындыру басты міндетіміз болып табылады.

Қай әдебиетте болмасын замана талабы мен қоғамдық сана алға тартқан ірі, аса өзекті тақырыптарды көркем әдебиет тіліне көшіре суреттеу маңызды орын алады. Ойлана қарағанда аса талантты жазылған көркем шығарма осы, жеке ұлт тағдырына қатысты мәселелерді, әлемдік әдебиет назарына алып шыға алады. Адамның күнделікті тыныш тірлігінің таусылмас тізбектерін үзіп, тұнбаларын шайқайтын, Отан, парыз, ар-ұят, елдік, ерлік т.б. сан түрлі мәселелер түрлі өтпелі - қоғамдық сана мен халық тұрмысының жаңарулары кезеңдерінде өзгеше қабылданады. Көрнекті қаламгер Ж.Аймауытовтың бұл кезеңдер туралы талантты жазылған өлеңдері, мен прозалық, драматургиялық шығармалары қазақ әдебиетінің басты табысы екендігін түсіндірумен астасып келеді.

Қазіргі прозасының жай-күйі осы кезеңдегі қоғамдағы әлеуметтік жайлармен тікелей байланыстылығын, заман, уақыт әсер еткен заңдылықтардың басты бағыттары мен ұрымтал түйіндерін аңғарта білу керек.

Қазақ әдебиеті тарихынан басты орын алатын осы шығармалардағы сапалық өзгерістердің негізін, заңдылықтарын (әдеби, тарихи хронологияны сақтай отыра) магистранттарға ұсыну, алда тұрған басты мәселелерді түсіндіру, бүгінгі күн талабына сай байыпты білім берудің басты мақсаты болып табылады.